

**«Жеке тұлға
еркіндік пен
жауапкершілік.»»**

Жоспар

- Кіріспе
- 1. Жеке тұлға жөнінде түсінік
- 2. Адам өмірінің негізінде жатқан қасиет
 - 2.1 Еркіндік
 - 2.2 Жауапкершілік
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әрбір адам - жеке адам болып сипатталады.

«Жеке тұлға» түсінігімен қатар біздің қолданымымызда «тұлға», «дара тұлға» терминдері бірге жүр. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігуін - «адам» түсінігі қамтиды.

Адам - өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Алайда, адам әлеуметтік-тектік мәнге ие болғанмен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде- дара адамдық сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесіне бөлектенбейді.

Дара адам - «*homo sapiens*» тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі-нақты адам. Даралық-нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас қасиеттері мен ерекшеліктері.

А
Д
А
М


Адам туралы ұғымдар

ИНДИВИД

ТҰЛҒА

ИНДИВИДУАЛДЫҚ

А Д А М



Адам, бір жағынан, өзі үшін (эгоизм), я болмаса басқалар үшін ғана (альтруизм) емес, өз мүддесін басқалармен бірге ұштастырып өмір сүруі керек.



Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.



Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды.

Сыртқы табиғатты өзгерту қызметінің өзі негізгі екі түрлі мәнді іске асыру үшін болуы мүмкін:

Біріншіден, табиғат пен адамның үйлесімді байланысы, бірін-бірі толықтыратын, жаңғыртатын.

Екіншіден, табиғатты тек өзінің бір мұқтаждығының тұрғысынан қатынас жасау антикалық дәуірден бастап Еуропада кең өріс алады. Онда табиғатты тек адамның бір кәдесіне жарайтын немесе жарамайтын заттар мен құбылыстардың арсеналы, адамның бір табиғи қоймасы ретінде ғана қарап іс-әрекет жасау басым болады.

Айтылған нәрселерден шығатын түйін:
егер белгілі бір мәнді өмірге ұмтылу адамдық қасиет болатын болса, одан, бірақ мән адамды жасайды немесе адамды адам етеді деген сөз емес. Керісінше, өзі үшін мәнді адамдар өздері жасайды немесе қалайды делік. Яғни, адамның дүниеде болуының негізінде жатқан қасиет, ол еркіндік.

Еркіндік

Еркіндік- адамның о бастан ешбір сыртқы себептілікпен, жағдайлармен, ешбір сыртқы күштермен әрі өзін қоршаған ортамен алдынала анықталмағандығы. Еркіндік- адамның кім, не және қандай болатындығы қалыптасу, даму жолында, өз өмірінде түбінде тек өзі анықтайтындығы немесе анықтамайтындығы.

Еркіндік туралы пікірлер

«Еркіндік дегеніміз - адамның арқаланатын жауапкершілік жүгі», Ж-П.Сартр

“Еріктік - танып-білінген қажеттілік”, Б.Спиноза

«Ешқандай еріктіктің болуы мүмкін емес, тек қана қажеттілік бар»

«Еріктік бар жерде қажеттілік жоқ»

Жауапкершілік

Жауапкершілік — еркіндіктің басқа бір жағы болып табылады. Ол ересек тұлғаға тән және өзін саналы түрде жасайтын іс әрекеттерінің себептері мен өзінің ойлары мен әрекеттерін ішкі бақылауда көрінеді. Тек еркін және жауапкершілігі жоғары тұлға өзін әлеуметтік мінез құлқын жан – жақты дамыта алады және жоғары дәрежеде өзінің потенциалын аша алады. Сонымен, оның қалыптасуына әсер ететін факторларды бөліп көрсетеміз. Олар:

- ❖ адамның өзінің қабілеттілігі мен нышандарын көрсете білуге мүмкіндік жасайтын іс әрекеті;
- ❖ адамның басқа адамдармен ауызба- ауыз сөйлесуі кезінде ғана емес, адамзаттың адами қасиеттерін, салт дәстүрлері, әлеуметтік нормалар мен ережелерді меңгеруі арқылы көрінетін, болатын қарым -қатынасы;
- ❖ жеке және әлеуметтік мінез қылық жауапкершілік әдістері мен формаларын болып жатқан жағдайларға байланысты таңдап алуда көрінетін адамның шығармашылығы, мұны еркіндік сөзінің синонимі деп алуға да болады.

Жауапкершілік

— адам бойындағы белгілі бір істі , өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

Қорытынды.

Айтылғанның бәрінен шығатын қорытынды: еркіндік адамның тек субъективтік күйі ғана емес, оның дүниедегі ерекше болмысы. Олай дейтініміз: еркіндік адамның іс-жүзінде еркін болуында ғана емес, оның белгілі дәрежеде өзіне де тәуелсіз объективтік еркіндігінде. Себебі, ол екінің бірінде ерікті түрде құлшылықты таңдайды. Оның қайшылығы да осында. Еркіндік те, құлшылық та адамдарға сырттан келмейді. Еркіндік пен жауапкершілік - біртұтас екі жағы - саналы адам іс-әрекеті. Freedom мақсаты-параметріне мүмкіндігі болып табылады іс-шаралар, таңдалған мақсатты үшін білімімен әрекет қабілеттілігі. Ол толық объективті жағдайларға қарағанда жақсы білім таңдалған мақсаты және объективтіге жету құрал шарттары, шындық табиғи үрдістер. Жауапкершілік объективті жағдайлары мен субъективті мақсатты жүзеге асыруға байланысты.

Сонымен еркіндік пен жауапкершілік - күміс ақшаның екі жағындай, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Еркіндік бар, жауапкершілік жоқ жерде әділетті дұрыс қоғам орнату мүмкін емес. Сондықтан жаңа ғана қалыптасып жатқан демократиялық қоғамның берген еркіндіктерін тек өз құлқынына жаратып, жауапкершілікті мойындағысы келмейтіндердің алдына тосқауыл қойылуы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарында еркіндікпен қатар, ал біздің жағдайда, мүмкін, көбірек, - адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі егжей-тегжейлі талдануы қажет деп есептейміз. «Арнасы жоқ» еркіндіктің уақыты өтті, халық алдындағы жауапкершіліктің уақыты келген сияқты басшылық жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- Әбішев.К – «Философия» 2004 ж
- Кактаева.Г.А– «Философия негіздері» 2006 ж
- Күл-Мұхаммед.М, Ардақ.Д, Асқаров.Ә – «Қазақ халқының философиялық мұрасы» 2006 ж
- Мырзалы.С – «Философия» 2010 ж
- Қазақбаева.Ж.Р – «Философия негіздері» 2010ж

**Назарларыңызға
Рахмет!!!**